

М. Маульшариф^{1*}  М. Джунусова² 

¹Narxoz Университеті, Алматы, Қазақстан

²Орталық Азия университеті, Бішкек, Қырғызстан Республикасы

*e-mail: mira.maulsharif@narxoz.kz

ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЖАҒАНДЫҚ ЫҚПАЛДАРДЫҢ ТОҒЫСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Мақалада Қазақстандағы жаһандану мен глокализация үдерістерінің тоғысындағы жастардың құндылықтық бағдарларының ерекшеліктері талқыланады. Жастар жаңа әлеуметтік нормаларды тез қабылдауымен қатар дәстүрлі мәдени коды бар отбасылық ортада тәрбиеленетіндіктен, олардың құндылықтық бағдарлары қоғамдағы өзгерістердің негізгі индикаторы болып табылады.

Зерттеу сандық әдіске негізделген және сауалнама арқылы жүзеге асырылды. Нәтижелер жастардың басым бөлігінің өмірлік стратегияларында дербестікке, мобильділікке және сапалы білім алуға деген ұмтылыстардың күшейгенін көрсетті. Керісінше, дәстүрлерге, ата-ананың кеңесіне немесе туыстық қолдауға сүйену деңгейі салыстырмалы түрде төмен. Ал, әлеуметтік сенімнің әлсіздігі қоғамдағы тұрақтылық пен әлеуметтік капиталдың дамуына кедергі келтіретін маңызды фактор ретінде анықталды.

Жалпы алғанда, жастардың құндылықтық бағдарлары гибриді сипатта дамуда: олар дәстүрлі нормаларды толықтай терістемейді, бірақ жаһандық ықпалдармен біріктіре отырып, прагматикалық бағдарға бет алғанын айғақтайды. Бұл нәтижелер білім беру саясаты, гендерлік теңдікке қатысты бағдарламалар және көші-қон стратегияларын әзірлеуде маңызды дереккөз бола алады. Сондықтан жастардың құндылықтық бағдарларын кешенді түрде зерттеу қазіргі әлеуметтік ғылымдар үшін өзекті.

Түйін сөздер: дәстүрлі құндылықтар, жаһандық ықпалдар, тоғысу, жастар, өзгерістер.

M. Maulsharif^{1*}, M. Junussova²

¹Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

²University of Central Asia, Bishkek, Republic of Kyrgyzstan

*e-mail: mira.maulsharif@narxoz.kz

Value transformations of youth at the intersection of traditional values and global influences

The article analyzes the value orientations of Kazakhstani youth within the interplay of globalization and glocalization. Young people rapidly adopt new social norms while remaining shaped by a traditional cultural code, making their values a sensitive indicator of social transformation.

The study employs a quantitative methodology using a survey approach. The findings reveal an increasing aspiration for autonomy, educational mobility, and self-development, combined with a relatively low reliance on traditions and the advice of elders. Weak social trust emerges as a significant constraint limiting the accumulation of social capital and collective engagement.

Overall, youth value orientations display a distinctly hybrid character: instead of rejecting traditional norms, young people integrate global influences and adopt a pragmatic, future-oriented outlook.

The results provide an applied basis for educational policy, gender equality programs, and migration strategies, reflecting the ongoing transformation of youth identity in contemporary Kazakhstan.

Keywords: traditional values, global influences, intersection, youth, transformation.

M. Маульшариф^{1*}, М. Джунусова²

М. Маульшариф^{1*}, М. Джунусова²

¹ Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

² Университет Центральной Азии, Бишкек, Кыргызская Республика

*e-mail: mira.maulsharif@narхоз.kz

Ценностные изменения молодежи на пересечении традиционных ценностей и глобальных влияний

В статье анализируются ценностные ориентации молодежи Казахстана в контексте взаимодействия глобализации и глокализации. Молодежь активно осваивает новые социальные нормы и модели поведения, оставаясь при этом носителем устойчивого традиционного культурного кода, что делает ее ценности точным индикатором происходящих социальных трансформаций.

Исследование основано на количественной методологии с применением структурированного опросного инструмента, позволяющего проследить ключевые тенденции в установках молодых людей. Результаты демонстрируют рост стремления к автономии, образовательной мобильности и самоэффективности при одновременном снижении опоры на традиционные нормы и авторитет старшего поколения. Выявленная слабость социального доверия выступает важным ограничителем накопления социального капитала.

В целом ценностные ориентации молодежи имеют выраженный гибридный характер: интегрируя глобальные влияния, молодые люди сохраняют элементы локальной культурной идентичности и проявляют прагматический подход к жизненным стратегиям. Полученные данные обладают прикладным значением для образовательной политики, программ гендерного равенства и миграционных стратегий. Поэтому комплексное исследование ценностных ориентаций молодежи является актуальной задачей для современных социальных наук.

Ключевые слова: традиционные ценности, глобальные влияния, пересечение, молодежь, изменения.

Кіріспе

Қазақстан қоғамында жастардың құндылықтық бағдарлары соңғы онжылдықтарда қарқынды өзгерістерге ұшырап келеді. Жаһандану, урбанизация, цифрландыру және еңбек нарығындағы мобильділік жастардың әлеуметтік нормаларға, отбасылық қатынастарға және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға деген көзқарасын қайта қалыптастыруда.

Жаһандану құндылықтардың гомогенизациясына емес, қайта локалдық ерекшеліктермен тоғыса отырып, *глокализация* құбылысының өріс алуына ықпал етті. Robertson (1995) ұсынған глокализация тұжырымдамасы локалдық ерекшеліктердің жаһандық ықпалдармен қатар өмір сүретінін айтады. Жастардың құндылықтық бағдарлары дәл осы жерде басты индикатор болып табылады, өйткені олар жаңа әлеуметтік нормаларды тез қабылдап, сонымен қатар дәстүрлі мәдени коды бар отбасылық ортада тәрбиеленеді. Қазақстандағы жастардың құндылықтық бағдарлары да осы үдерістің көрінісі: олар бір жағынан әлеуметтік желілер мен әлемдік трендтерге ашық, екінші жағынан отбасылық және мәдени дәстүрлердің ықпалында. Сондықтан, патриархалдық дәстүрлер, отбасылық-туыстық байланыстар мен мәдени мұра әлеуметтік өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді

(Kandiyoti, 2007). Осы екі ықпалдың қатар жүруі жастардың дүниетанымында дәстүрлілік пен индивидуализмнің күрделі үйлесімін қалыптастырады.

Бұл зерттеудің *мақсаты* сауалнама деректеріне сүйене отырып жоғары білімді қазақ жастарының құндылықтық бағдарларын жаһандық ағымдармен салыстырып талдау.

Зерттеу сұрақтары:

1. Қоғамда дәстүрлі және жаһандық құндылықтар қандай деңгейде тоғысады?
2. Жастардың көші-қонға ұмтылысы құндылықтық бағдарлармен қаншалықты байланысты?

Әдебиеттерге шолу

Жастардың құндылықтық бағдарларын зерттеу жаһандық деңгейде кең таралған тақырыптардың бірі (Inglehart & Welzel, 2005; Schwartz, 2012; Arnett, 2002; Twenge et al., 2010; Norris & Inglehart, 2019). Beck және Beck-Gernsheim (2002) қазіргі қоғамда «жекелендіру» (individualization) үдерісінің күшеюін атап өтті. Бұл Walby (2011) пікірінде қоғамдағы құндылықтық плюрализмнің көрінісі. Ол әсіресе, жастардың кәсіби таңдауда дербестікке және өзіндік жауапкершілікке бағдарлануымен үштасады. Connell (2014) еңбегінде жаһандық әлеуметтік

өзгерістердің гендерлік құрылымдарға ықпалы талданған.

Интернет пен әлеуметтік медиаға қолжетімділіктің артуы жастардың жаһандық ақпаратқа және мәдени трендтерге бейімділігін күшейтті. Жастардың құндылықтық бағдарларында дәстүрлі (тәртіп, патриотизм) және жаһандық (толеранттылық, дербестік) элементтер қатар кездеседі. Бұл құбылыс жастардың өзін-өзі тануына, құндылықтық бағдарларына тікелей ықпал етіп, жаһандық біркелкіліктің қалыптасуына жағдай жасайды. Осы орайда, жастар жаһандық құндылықтарды қабылдай отырып, оларды жергілікті мәдени контекстке икемдейтіні глокалдық және «гибридтік» ұғымымен де сәйкест келеді (Robertson, 1995; Nederveen Pieterse, 2015).

Орталық Азия мен Қазақстан контекстінде жүргізілген зерттеулер (Naepfer, Kizilova, 2020; Blum, 2021; Thibault & Caron, 2022) дәстүрлі нормалардың қайта жандануы, әсіресе гендерлік және отбасылық қатынастар саласында, әлеуметтік өмірдің маңызды бөлігі екенін көрсетеді. Kandiyoti (2007) ұсынған қазақстандық дәстүрлі қоғамды талдаудағы «патриархалдық келісім» тұжырымдамасы дәстүрлі құрылымдардың жастардың мүмкіндіктерін шектеу деп түсіндіреді.

D. Blum (2021) еңбегінде Қазақстан жастарының құндылықтарының өзгерісі жаһандану мен глокализацияның тоғысында қарастырылады. Ол жастардың дүниетанымында дәстүрлі патриархалды нормалар, кеңестік кезеңнен қалған гендерлік құрылымдар және жаңа жаһандық мүмкіндіктер арасындағы қайшылықтарды анықтайды. Blum-ның пайымдауынша, жастардың құндылықтық трансформациясы тек мәдени қайшылық емес, сонымен қатар әлеуметтік нормаларды қайта ойлаудың ұзақ мерзімді процесі болып табылады. Мысалы, соңғы эмпирикалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың басым бөлігі кәсіби және өмірлік шешімдер қабылдауда жеке жауапкершілікке, дербестікке және сапалы білім алуға мән береді (Narbout & Trotsuk, 2018; Zharkynbekova және т.б., 2025; Buribayev, Khamzina, & Buribayeva, 2025).

Қазақстанда жаһандық ықпалдар қарқындырақ сезіледі, солардың бірі жастардың арасындағы көші-қон мәселесі. Жастардың шетелге кетуге ұмтылысы көбіне кәсіби өсу мен өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерімен байланысты (Moghadam, 2003;). Осылайша, қазіргі жастардың прагматикалық бағдарлары – сапалы білім

немесе еңбек нарығында мобильділікке дайындық – дәстүрлі әлеуметтік институттардың ықпалын қайта қарастыруға итермелейді.

Жалпы алғанда, әдебиеттер жастардың құндылықтық бағдарларын зерттеуде екі негізгі үрдісті айқындайды: дәстүрлі нормалардың сақталуы мен күшеюі және жаһандық ықпалдың артуы. Қазақстандық эмпирикалық деректер осы екі ықпалдың нақты қиылысу нүктесін айқындап, жастардың әлеуметтік болашағын түсінуге жол ашады.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу сандық әдіске негізделген және сауалнама арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу нысаны ретінде білімді және әлеуметтік белсенді топ ретінде жоғары оқу орындарының студенттері және университеттер түлектері таңдалып алынды. Зерттеу дизайны әлеуметтік-демографиялық және құндылықтық сипаттамаларын кешенді түрде талдауға бағытталған. Үлгі көлемі шамамен 500 респонденттен тұрады, бұл деректерді статистикалық тұрғыдан сенімді етуге мүмкіндік береді. Іріктеме жыныс, жас ерекшеліктері, қала мен ауылдағы тұрғылықты жер, сондай-ақ білім деңгейі тұрғысынан әртүрлі әлеуметтік топтарды қамтыды. Бұл үлгі қоғамдағы құндылықтық бағдарлардың әркелкілігін тереңірек түсінуге жағдай жасайды.

Айнымалылар екі негізгі санатқа бөлінді. Тәуелсіз айнымалылар ретінде жыныс пен білім деңгейі алынды. Зерттеудің әлеуметтік тобы тек білімді жастарды қамтығандықтан, жасаралық айырмашылықтарға қарағанда білімдік статус маңыздырақ деп есептелді. Ал тәуелді айнымалыларға құндылықтық бағдарлар (1-ші кесте) және көші-қон ниеттері («*Болашақта Қазақстаннан көшіп кеткіңіз келе ме?*» және «*Сіз көшуге ең негізгі қандай себептерді атар едіңіз?*») енгізілді. Бұл бөлініс қоғамдағы әлеуметтік құрылымның қалай құндылықтық ұстанымдарға ықпал ететінін айқындауға мүмкіндік береді.

Деректерді өңдеу негізінен дескриптивті статистика (пайыздар, орташа мәндер) арқылы негізгі тенденциялар анықтауды көздеді. Екіншіден, салыстырмалы талдау әдістері (t-test, ANOVA) қолданылып, жынысы мен білім деңгейі бойынша әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықтар тексерілді. Бұл тәсілдер зерттеу нәтижелерін сенімді әрі теориялық тұрғыдан негізделген түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

1-кесте – Өмірлік жағдайларға қатысты жұптық көзқарастар

а) Өмірде үлкендермен көбірек ақылдасып, олардың тәжірибесін қабылдау керек	б) Өмірде өз тәжірибеңе көбірек сүйеніп, қатарластарыңның үлгісінен үйрену керек
а) Мамандығын таңдағанда ата-ананың кеңесіне құлақ асу керек	б) Мамандығын таңдағанда өзіңді тыңдау керек
а) Туған жерде жұмыс істеуге тырысып, «түбіріңе» жақын болу керек	б) Жағдайы қолайлы болса, кез келген жерге көшуге және жұмыс істеуге дайын болу керек
а) Туыстарға жұмысқа орналасуға көмектесу керек	б) Әркім кәсіби жетістікке өзі, өз күш-жігерімен жетуі тиіс
а) Ең бастысы – диплом болуы, білім сапасы онша маңызды емес	б) Ең бастысы – білімнің сапасы, ал диплом онша маңызды емес
а) Бастысы – жұмыс жоғары жалақылы болуы керек, тіпті ол қызықсыз болса да	б) Бастысы – жұмыс қызықты болуы керек, ал жалақы екінші орында
а) Көпшілікке сенуге болмайды, адамдармен абай болу керек	б) Көпшілікке сенуге болады

Нәтижелер мен талқылау

Дескриптивті сипаттама. Зерттеуге қатысқан респонденттердің орташа жасы 23,3 жас болды, бұл үлгінің негізінен жастардан құралғанын көрсетеді. Дінмен өзін-өзі бірегейлендіру деңгейі 1-ден 10 шкаласы бойынша орташа есеппен 5,62 құрады ($Std. Deviation = 2,197$), яғни бұл көрсеткіш дінге қатысты ұстанымдардың орташа деңгейде екенін, алайда респонденттер арасында айтарлықтай әркелкілік бар екенін байқатады.

Білім деңгейі бойынша сауалнамаға қатысқандардың 51,2%-ы жоғары және одан да жоғары білімді аяқтаған, ал 48,8%-ы студенттерден құралды. Гендерлік құрамы бойынша ерлер – 47,6%, әйелдер – 52,4%; респонденттердің басым көпшілігі қалалықтар – 91,2%, ал ауылдықтар – небәрі 8,8%-ды құрады. Бұл білімді жастардың көбірек қалада шоғырланғанын көрсетеді. Респонденттердің тілдік құрамы мынадай: қазақ тілін қолданушылар – 44,8%, қазақ және орыс тілдерін қатар пайдаланатындар – 33,6%, орыс тілін қолданушылар – 20,4%, ал басқа тілде сөйлейтіндер – 1,2%. Бұл дерек Қазақстан қоғамындағы қостілділік пен тілдік әртүрліліктің айрықша әлеуметтік сипатын көрсетеді.

Төменде көрсетілген 1-ші суреттегі индивидуализм индексі жастардың өмірлік салалар бойынша (әлеуметтік тәжірибе, кәсіптік таңдау, еңбек географиясын таңдау, білім, жұмыс пен табыс, әлеуметтік сенім және дәстүрлерге жүгіну) индивидуалистік және дәстүрлік бағ-

дарларының пайыздық көрсеткіштерін бейнелейді. Сұр пунктирлі сызық дәстүрлі (50%-дан төмен) және индивидуалистік (50%-дан жоғары) бағыттардың шартты шекарасын білдіреді. Көрсетілген мәліметтер жастардың көпшілігі білім, еңбек географиясы және кәсіптік таңдау сияқты салаларда жеке шешім мен дербестікке басымдық беретінін көрсетеді.


Сауалнама нәтижелері жастардың құндылықтық бағдарларында дәстүрлілік пен индивидуализмнің қатар байқалатынын көрсетті:

1. *Әлеуметтік тәжірибеге сүйену* – респонденттердің 51,6%-ы өмірде үлкендердің кеңесіне жүгіну маңызды деп санаса, 48,4%-ы құрдастарынан үйренуді және жеке тәжірибеге сүйенуді қолдады.

2. *Кәсіптік таңдау* – жастардың басым бөлігі (69,6%) мамандық таңдауда дербес шешім қабылдау қажет деген пікірді ұстанады. Тек 30,4%-ы ата-ананың кеңесіне сүйенуді құп көрген. Мұнда өзін-өзі жүзеге асыру мен тәуелсіздікке бағдардың айқын артуы байқалады.

3. *Еңбек географиясы* – респонденттердің 79,6%-ы қолайлы жағдай туындаған жағдайда қоныс аударуға дайын екенін білдірді. Ал 20,4%-ы туған жерінде қалуды құп көрді. Бұл мобильділікке деген бейімділіктің басым екенін көрсетеді.

4. *Туыстық қолдау* – жастардың 67,2%-ы кәсіби табысты жеке күш-жігермен байланыстырады. Керісінше, 32,8%-ы туыстық көмектің маңыздылығын атап өтті. Бұл индивидуалистік құндылықтардың күшейіп келе жатқанын аңғартады.



1-сурет – Қазақстан жастарының дәстүрлі және индивидуалистік құндылық бағдарларының арақатынасы

5. *Білім* – респонденттердің көпшілігі (78,4%) сапалы білімді дипломнан маңыздырақ деп бағалады, ал 21,6%-ы дипломды бірінші орынға қойды. Бұл жастардың білімді формализмнен гөрі мазмұндық сапа арқылы түсінетінін білдіреді.

6. *Жұмыс пен табыс* – 52,8%-ы үшін жұмыс қызықты болуы маңызды, ал 46,8%-ы үшін жоғары жалақы басты рөл атқарады. Бұл материалдық және өзін-өзі дамыту құндылықтарының тепе-теңдігін білдіреді.


7. *Әлеуметтік сенім* – респонденттердің үштен екісі (69,6%) адамдарға қырағылықпен қарау керек десе, тек 30,4%-ы адамдарға сенуге болады деп есептейді. Бұл Қазақстан қоғамындағы адамдар арасында бір-біріне сенім деңгейінің салыстырмалы түрде төмендігіне сілтейді.

8. *Дәстүрлер* – жастардың 69,2%-ы дәстүрлер прогреске кедергі болса, олардан бас тарту қажет деп есептейді. Ал 30,8%-ы дәстүрлерді әрдайым сақтау керек деп сенеді. Бұл жастардың прагматикалық бағдарын айғақтайды.

Респонденттерге «*Болашақта Қазақстаннан көшіп кеткіңіз келе ме?*» («иә», «жок») жауаптар және «*Сіз көшуге ең негізгі қандай себептерді атап едіңіз?*» (бірнеше жауаптар таңдау) де-

ген сұрақтар қойылды. Сауалнама нәтижесінде 39,6% – иә, алыс шетелге деп жауап берсе, 5,2% – иә, жақын, көрші елдерге деп жауап берді.

Жастардың көшуге деген ниеті көп жағдайда жеке кәсіби және өмірлік әлеуетін жүзеге асыруға байланысты екені анықталды. Ең жоғары көрсеткіш «өзін-өзі дамытуға қолайлы жағдайлар» – 19,0%, респонденттердің 55,0%-ының жауабы мен «әлемді көру, саяхат жасау» – 18,0% (51,9%-дың жауабы) себептері болып отыр. Бұдан жастардың көші-қонды тек экономикалық қажеттіліктен емес, сонымен қатар жеке тұлғалық еркіндік пен кең мүмкіндіктермен байланыстырғанын көреміз. Сонымен бірге профессионалдық өсу мүмкіндіктері (13,7%, 39,5%) және жоғары жалақы (10,2%, 29,5%) да маңызды факторлар қатарында. Бұл экономикалық мотивациялар дәстүрлі түрде көші-қонды түсіндіретін негізгі себептердің бірі екенін көрсетеді. Әлеуметтік және тұрмыстық факторлар аздау орын алған: мысалы, экологиялық жағдай (4,3%), қалаға көшу (4,6%), немесе жаңа достар табу (4,6%) салыстырмалы түрде төмен үлеске ие, ал қауіпсіздік (0,8%) және туыстарға жақын болу (1,3%) өте сирек айтылған.



2-сурет – Жастардың көшуге ниеті

t-test нәтижелерінің интерпретациясы (жыныс бойынша) жалақы, білім, өзін-өзі дамыту, бизнес, медицина, экология, туыстар, саяхат, мегаполис себептері бойынша ерлер мен әйелдер жауаптарында айырмашылық жоқ. Айырмашылық бар себептер ($p < 0,05$): жұмыс табу (0,027) – ерлер «жұмыс табу» мотивін жиірек атайды; қауіпсіз жерге көшу (0,034) – әйелдер үшін қауіпсіздік факторы маңыздырақ; жаңа орта/достар іздеу – Ерлер жаңа орта/жаңа достар табуды жиірек атаған.

ANOVA Bonferroni post hoc білім деңгейі бойынша тәуелді «Сіз болашақта Қазақстаннан көшіп кеткіңіз келе ме?» сұрағына жүргізілді және маңызды айырмашылық тек бір жағдайда анықталды – аяқталмаған ЖОО/колледж біліміндегі жастар мен жоғары білімді жастар арасында: біріншілер көшуге көбірек бейім. Аяқталмаған ЖОО/колледж біліміндегі жастар әлеуметтік статусы бойынша студенттер екенін ескерсек, бұл когорта үшін олардың болашаққа сенімсіздігімен, әлеуметтенудің өтпелі кезеңінде болуымен немесе кәсіби мүмкіндіктерге қол жеткізудегі теңсіздіктермен байланысты болуы мүмкін.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері Қазақстан қоғамындағы құндылықтық гибридтілікті айқын көрсетеді. Дәстүрлілік әлі де әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыруда маңызды орын алғанымен, жастардың жаһандық құндылықтарға ашықтығы барған сайын күшейіп келеді. Мәселен, ұрпақаралық ықпал мен отбасылық дәстүрлер сақталғанымен, жастардың дербестікке және өзін-өзі жүзеге асыруға бағдарлануы артып отыр.

Мысалы, 2018 жылғы World Values Survey (WVS, 2018) деректерінің нәтижесінде 16–35 жас аралығындағы респонденттердің 93,3% жауабында «Мен үшін өмірдегі басты мақсаттардың бірі – ата-анамның мені мақтан етуі» деген болатын. Әрине, бұл дерек біздің алынған дерекпен қарама-қайшылықта деуге болмайды. Отбасы

басты құндылық ретінде шайқалмағанменде, құндылықтар тізімінде басқа бағыттарда айқын біліне бастады. Біздің зерттеу деректері жастар арасында мобильділікке деген бейімділіктің күшеюін, жеке таңдау еркіндігінің кеңеюін және дербестік құндылықтардың басымдыққа ие бола бастағанын да аңғартады. Сонымен бірге, білімге деген көзқарас та өзгеруде: жастар формальды дипломнан гөрі білімнің сапалық мазмұнына көбірек мән береді. Бұл олардың прагматикалық бағдарын және материалдық игіліктер мен өзін-өзі дамытуды тең ұстауға тырысатынын көрсетеді.

Алайда, зерттеу қоғамның ресми әлеуметтік институттарына сенім деңгейінің салыстырмалы түрде төмен екенін де көрсетті. 2018 жылғы Қазақстан бойынша WVS деректерімен салыстырғанда, бұл көрсеткіш сәл ғана азайғанымен, әлі де өзекті болып отыр: 16–35 жас аралығындағы респонденттер арасында ол 72,4% құрады. Бұл мәліметтер отбасы бұл сенімнің абсолютті өзегі екенін көрсетеді. Біздің зерттеуде де респонденттердің басым көпшілігі (90,4 %) өз отбасына толық сенетінін, ал тағы 8 %-ы «көбіне сенемін» деп жауап берген. Біздің ойымызша, бұл әлеуметтік капиталдың әлсіздігін аңғартады. Бұл қоғамдағы және институттық байланыстармен салыстырғанда отбасылық сенім капиталының басымдығын айқын көрсетеді. Мұндай көрсеткіш әлеуметтік қатынастардың патриархалды-қауымдық құрылымының әлі де сақталғанын білдіреді, онда отбасы қауіпсіздіктің басты кеңістігі болып қала береді. Алайда мұндай сенім моделі әлеуметтік ынтымақтастық радиусының шектелуіне әкеледі: жастар өз тобы ішінде жоғары бірігушілікті көрсеткенімен, жеке шеңберінен тыс адамдарға сенім білдіруге дайындық деңгейі төмен.

Көшу туралы деректер мен нәтижелерде Қазақстан жастары арасында құндылықтардың трансформациясын көрсетеді. Көші-қонды бү-

рынғыдай тек материалдық тұрғыда емес, символикалық капитал (Бурдьё бойынша) мен мәдени тәжірибені кеңейту тұрғысынан қабылдау үрдісі күшейген. Сапалы білім алу (6,2%) мен кәсіби даму іздеуі жастардың глобалдық еңбек нарығына кірігу ниетін айқындайды. Сонымен бірге өзін-өзі дамыту мен саяхаттауды жоғары қояды, яғни, жастар бір мезгілде әлемдік өркениетке ашық бола отырып, жеке даралық пен еркіндікті алдыңғы қатарға қояды.

Экономикалық себептердің үлесі айтарлықтай (жалақы, жұмыс табу, кәсіби өсу – бірге 31,1%), бірақ олардан да басым тұрғаны – *сапалы өмір мен өзіндік даму идеалдары*. Бұл қазақстандық жастардың құндылықтық жүйесінде материалдық прагматизм мен постматериалдық ұмтылыстардың қатар өмір сүріп жатқанын көрсетеді.

t-test нәтижелері жастардың жалпы өмірлік мүмкіндіктерді іздеуі олардың гендерлік ерекшеліктеріне айтарлықтай тәуелді емес екенін көрсетті. Дегенмен, нақты бағыттарда айырмашылықтар байқалады: ерлер үшін «жұмыс табу» және жаңа ортада достар табу маңыздырақ болса, әйелдер үшін қауіпсіздік факторы алдыңғы қатарда тұр.

ANOVA Bonferroni post hoc статистикалық талдау білім алып жатқан жастардың көшуге көбірек бейімді екенін көрсетті. Біздің пікірімізше, әлеуметтік-экономикалық позициясы әлі қалыптаспаған жастар арасында көшуге күштірек ұмтылыс олардың тұрақсыз әлеуметтік мәртебесі мен болашаққа қатысты күмәнімен байланысты болуы ықтимал.

Жалпы алғанда, дәстүрлер мен прагматизм арасындағы тепе-теңдік жастардың жаңа өмірлік стратегияларының негізін құрайды. Қазақ-

стан жастары мәдени трансформация үдерісін бастан кешіріп, жаһандық кеңістікке бейімделе отырып, ұлттық ерекшеліктерін сақтаудың жолдарын іздеуде.

Зерттеудің маңызды артықшылығы – сандық сауалнама деректерін қолдану, ол жастар арасындағы негізгі үрдістерді және әлеуметтік-демографиялық айнымалылар (жыныс, білім деңгейі) бойынша топтық айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар t-test және ANOVA Bonferroni post hoc сияқты салыстырмалы әдістерді қолдану әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықтарды статистикалық тұрғыдан тексеруге мүмкіндік беріп, талдаудың сенімділігін арттырды.

Сонымен қатар зерттеудің белгілі бір шектеулері де бар. Талдау негізінен дескриптивті статистикаға сүйенді, ал салыстырмалы әдістер тек жыныс пен білім деңгейі бойынша топтық айырмашылықтарды қамтыды. Көші-қон себептері мен әлеуметтік сенім сияқты айнымалылар арасындағы күрделі себеп-салдарлық байланыстар қарастырылмады. Болашақ зерттеулерде регрессиялық талдау немесе құрылымдық теңдеулер үлгісі сияқты күрделі статистикалық әдістерді қолдану арқылы құрылымдық жағдайлар мен жеке құндылықтық бағдарлардың өзара ықпалын тереңірек түсіндіруге болады. Мұндай тәсілдер жастардың жаһандану мен глокализация жағдайындағы өмірлік стратегияларының қозғаушы факторларын толық ашуға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қолдауымен жүзеге асырылды. Грант нөмірі: AP19680642.

References

- Arnett, J.J. (2002). The psychology of globalization. *American Psychologist*, 57(10), 774–783. <https://doi.org/10.1037/0003-066X.57.10.774>
- Beck, U., & Beck-Gernsheim, E. (2002). *Individualization: Institutionalized individualism and its social and political consequences*. SAGE.
- Blum, D. W. (2021). Gender politics in Central Asia: Patriarchy, Islam, and national traditions. *Central Asian Survey*, 40(2), 145–163. <https://doi.org/10.1080/02634937.2020.1865104>
- Buribayev, Y., Khamzina, Z., & Buribayeva, A. (2025). Between traditions and globalization: Value orientations of Kazakhstani youth. *Frontiers in Sociology*, 10, 1563274. <https://doi.org/10.3389/fsoc.2025.1563274>
- Connell, R. (2014). *Gender and power: Society, the person and sexual politics*. Polity Press.
- Haerpfer, C.W., Kizilova, K. (2020). Values and Transformation in Central Asia. In: Mihr, A. (eds) *Transformation and Development*. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-42775-7_2
- Inglehart, R., & Welzel, C. (2005). *Modernization, cultural change, and democracy: The human development sequence*. Cambridge University Press.

- Kandiyoti, D. (2007). The politics of gender and the Soviet paradox: Neither colonized, nor modern? *Central Asian Survey*, 26(4), 601–623. <https://doi.org/10.1080/02634930701764172>
- Moghadam, V. M. (2003). *Modernizing women: Gender and social change in the Middle East* (2nd ed.). Lynne Rienner Publishers.
- Nederveen Pieterse, J. (2015). *Globalization and culture: Global mélange* (3rd ed.). Rowman & Littlefield.
- Norris, P., & Inglehart, R. (2019). *Cultural backlash: Trump, Brexit, and authoritarian populism*. Cambridge University Press.
- Robertson, R. (1995). Glocalization: Time–space and homogeneity–heterogeneity. In M. Featherstone, S. Lash, & R. Robertson (Eds.), *Global modernities*. SAGE, pp. 25–44.
- Schwartz, S.H. (2012). An overview of the Schwartz theory of basic values. *Online Readings in Psychology and Culture*, 2(1), pp. 1–20. <https://doi.org/10.9707/2307-0919.1116>
- Thibault, H., & Caron, J. (2022). State, religion and retraditionalization in Central Asia: Discourses and practices. *Religion, State and Society*, 50(1), pp. 4–20. <https://doi.org/10.1080/09637494.2021.2002090>
- Twenge, J. M., Campbell, S. M., Hoffman, B. J., & Lance, C. E. (2010). Generational differences in work values: Leisure and extrinsic values increasing, social and intrinsic values decreasing. *Journal of Management*, 36(5), pp. 1117–1142. <https://doi.org/10.1177/0149206309352246>
- Walby (2011). *The future of feminism*. Polity Press.
- Zharkynbekova, S., Shakhputova, Z., Galiyeva, B., & Absadyk, A. (2025). Value Priorities of Student Youth in the Multi-Ethnic Space of Kazakhstan and Their Influence on Intercultural Communications. *Journalism and Media*, 6(1), pp.22–32. <https://doi.org/10.3390/journalmedia6010032>

Автор туралы мәлімет:

Маульшариф Мира (корреспондент-автор) – социология ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: mira.maulsharif@narхоз.kz)

Джунусова Мадина – PhD, архитектура бойынша кандидат, аға ғылыми қызметкер, Орталық Азия университеті, Мемлекеттік басқару және саясат институты (Бишкек, Қырғыз Республикасы, e-mail: madina.junussova@ucentralasia.org)

Information about author:

Maulsharif Mira (corresponding-author) – candidate of sociological sciences, professor, Narхоз University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mira.maulsharif@narхоз.kz)

Junussova Madina – PhD, Candidate of Architecture, Senior Research Fellow, Institute of Public Policy and Administration, University of Central Asia (Bishkek, Kyrgyz Republic, e-mail: madina.junussova@ucentralasia.org)

Сведения об авторах:

Маульшариф Мира (автор-корреспондент) – кандидат социологических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан, e-mail: mira.maulsharif@narхоз.kz);

Джунусова Мадина – PhD, кандидат архитектуры, старший научный сотрудник, Институт государственного управления и политики, Университет Центральной Азии (Бишкек, Кыргызская Республика, e-mail: madina.junussova@ucentralasia.org)

Келіп түсті: 28 маусым 2025 жыл
Қабылданды: 01 желтоқсан 2025 жыл